

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 867 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 2-3, 14-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ "негізінде" деген сөздің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ресей федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлерінің шетел валютасындағы лауазымдық жалақыларының схемалары "

2) 2-тармақ "бекітілсін" деген сөздің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ресей федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары 23-қосымшаға сәйкес";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлері лауазымдарының санаттар бойынша тізілімінде:

G с а н а т ы т о б ы н д а :

"G-1" санаты ", сауда өкілі" деген сөздермен толықтырылсын;

"G-2" санаты ", сауда өкілінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын;

4) осы қаулының қосымшасына сәйкес 23-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 19 тамыздағы  
N 867 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 11 қаңтардағы  
N 41 қаулысына  
23-қосымша

**Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің  
қызметкерлері лауазымдық жалақыларының  
Схемасы**

Лауазымы	Лауазымдық жалақы АҚШ долларымен
Сауда өкілі	2700
Сауда өкілінің орынбасары	2500
Кеңесші	2250
Жоғарғы санат біліктілігінің деңгейлі бухгалтері	1500
Бірінші санат біліктілігінің деңгейлі маманы	1500